

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласының педагогтері арасындағы түсіндіру жұмысы туралы ЕСЕП

ҚР Оқу-ағарту министрінің тапсырмасын орындау мақсатында ҚР ОАМ Балаларды ерте дамыту институтының ақпараттық-түсіндіру жұмысының жоспарына сәйкес қазіргі уақытта өңірлерде жауапты тұлғалар (білім басқармаларының мамандары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жетекшілік ететін облыстық, қалалық және аудандық әдістемелік орталықтардың/кабинеттердің әдіскерлері) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесінің нормативтік құқықтық актілеріне енгізілген өзгерістер бойынша атап айтқанда, мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасына түсіндіру жұмыстарын жүргізуде

Түсіндіру жұмыстары ағымдағы жылдың қыркүйек-қазан айларында онлайн/офлайн режимінде жүргізіледі. Іс-шараларды өткізу форматы: «дөңгелек үстел», брифинг, семинар және т.б.

Іс-шараға қатысушылардың жалпы қамтылуы 23,1 мың адамды құрады, оның ішінде:

- мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары – 3 010;
- әдіскерлер – 3 382;
- балабақша тәрбиешілері – 15 446;
- басқа мамандар – 1 325.

Осы бағыттағы жұмыс жалғасатын болады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту, балаларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсілдерін өзгерту, ата-аналардың тәрбие-білім беру процесінің нәтижелілігі үшін ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Балаларды ерте дамыту институты:

- күн тәртібі мен өткізу барысы көрсетілген ата-аналар жиналысының бірыңғай форматы;
- балабақшадағы ата-аналармен түсіндіру жұмыстарына арналған мәтіндік материалын әзірледі.

Материал презентациямен және бейнероликпен жабдықталған.

ҚР ОАМ-нің 17.10.2022 ж. №03-02/640-И хаты негізінде ата-аналар жиналысы ағымдағы жылдың 21 қазанында сағат 15.00-ден бастап жергілікті жерлерде өткізіледі.